

«Тіл- парасат» байқауы.

Өткен сәуір айының соңына таман Қостанай қаласында М.Горький атындағы гимназиясында мемлекеттік тілді игерген орыс жастары арасында «Тіл парасат» атты облыстық байқауы өтті.

Байқауға педагогикалық университет, политехникалық колледж, медициналық колледж, №2 лицей студенттері, М.Горький атындағы гимназияның оқушылары қатысты.

Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясынан конкурсқа КОФ 2курс тыңдаушысы - Заболотина Лилия және 3 курс тыңдаушысы-Медведев Бағдан қатысты, ал жанкүйерлер ретінде 2-курс тыңдаушылары барды.

Конкурстың алдында Қостанай облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы басшысының орынбасары Қ.Ахметов халық бірлігі туралы қазақ тілінің маңыздылығы туралы сөз қозғап, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Байқаудың бірінші шарты бойынша қатысушылар ұсынылған тақырып бойынша қазақ, ағылшын тілінде тұсаукесер жасады.Ұсынылған тақырыптар: ақындар туралы, ұлы ғұламалар, салауатты өмір салты, туған жер, есірткілер.

Байқаудың екінші кезеңінде: «Кинотеатрда», «Оқу орнында», «Дүкенде», «Асханада», «Мұражайда» - ұсынылған тақырыптар бойынша жұппен диалог құрды.

Байқаудың үшінші кезеңі «Шабыт жұлдызы» шығармашылық тапсырмасында қатысушылар өздерінің үйдегі дайындап келген өлеңдерін, көркем шығармасынан үзінділерін,ертегілерін оқып берді.

Байқаудың мақсаты орыс жастары арасында мемлекеттік тілді меңгергендерге қолдау көрсету, тіл мәдениетінің деңгейін көтеру және мемлекеттік тілді қолданудың мәртебесін арттыру.

Байқауға қатысқандар мадақтау грамотасымен, естелік сыйлықтармен марапатталды.

Академияның тыңдаушысы Заболотина Лилия мадақтау грамотасымен, Абай кітабы сыйлығымен марапатталды, ал Медведев Бағдан байқаудағы үшінші орынға ие болып, телефон ретінде сыйлық алды.

Байқауға қатысқан балалар қазақ тілінде сөйлеп, өз пікірлерін жеткізуге тырысып , қазақ халқының ұлы жазушылары мен ақындары туралы білгенін ортаға салып, мемлекеттік тілде өлеңдер айтып бар білімдерін көрсетті.

Осындай байқаулар жиі өткізілсе, мемлекеттік тілдің мәртебесі одан әрі жоғарылай береді деген сенім артамыз.

Айгүл Мұқанова
ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев
атындағы Қостанай
академиясы
Тіл бөлімшесінің инспекторы